



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 8 қараша

Қазақстан Республикасының монета шығару саласындағы жетістіктері үшін халықаралық конкурстарының нәтижелері туралы

2017 жылы ірі халықаралық конкурстарда дизайн, қолданылатын технологиялар және монеталар арналған оқиғалардың маңыздылығы саласындағы жетістіктері үшін Қазақстанның үш бірдей монетасы атап өтілді.

2017 жылғы 24 қазанда Варшавада «The Coin Conference – 2017» халықаралық валюта конференциясын өткізу шеңберінде IACA Excellence in Currency 2017 Coin Awards финалистерін наградтау рәсімі өтті.



«Ғарыш» сериясынан тантал орнатылған «Венера-10» күміс монетасы «BEST COIN INNOVATION» номинациясында ақтық сынға шықты.

Тантал ғарыш техникасында кеңінен пайдаланылатыны белгілі. Қазақстан аумағында әлемдегі аса ірі «Байқоңыр» ғарыш айлағы бар, ол арқылы ТМД-ның көптеген ғарыш аппараттары, оның ішінде халықаралық экипажбен ұшырылады.



Осыған байланысты Қазақстан Ұлттық Банкі сирек кездесетін металды пайдалана отырып, ғарыш тақырыбына арналған коллекциялық монеталар сериясын шығару туралы шешім қабылдады. Әлемде екі ел ғана сирек кездесетін металдармен – Австрия ниобиймен және Қазақстан танталмен жұмыс істейді.

«Дала қазынасы» сериясынан «Күлтегін» күміс монетасы «BEST NEW COMMEMORATIVE COIN OR TEST COIN» номинациясында ақтық сынға шықты.



Күлтегін (685ж. – 731 ж.) – Екінші Түрік Қағанатының көптеген көшпелі халықтарын көгілдір ту астына біріктірген және ұлы көшпелі елдің дәстүрлерін жалғастыра білген саяси әрі әскери қайраткер. «Күлтегін» монетасының дизайнында Бехистун жазбаларының және Гильгамеш пен Энкиду туралы «Көп көрген туралы» эпосының саздан жасалған тақтайшаларының көркем бейнелері бейнеленген. Осы шығармалардың барлығында көшпелі халықтардың өмірі туралы ақпарат бар. Монетада тарихи артефактілер арасындағы көркемдік байланыс қана емес, рухани байланыс, халықтар мен уақыт байланысы бар.



2017 жылғы 24 қыркүйекте Мәскеуде «Монетное созвездие» халықаралық конкурсында Қазақстанның «Сиқырлы нышандар» сериясынан «Таға» монетасы «Жылдың кәдесый монетасы» номинациясында 2-орын иеленді. Алтын жалатылған күмістен жасалған коллекциялық монета таға пішіндес күрделі нысанда.

Инновациялық технологиялар мен дизайнды пайдаланудың арқасында Қазақстан Ұлттық Банкінің ескерткіш монеталарының дайындалу сапасы өте жоғары. Отандық монеталардың «айна» сапасын халықаралық сарапшылар әлемдегі ең үздік сапа ретінде мойындайды. Мұны беделді халықаралық конкурстардағы көптеген жеңістер (23 түрлі номинация, 18 награда) көрсетіп отыр.

Сонымен бірге Беларусь Республикасы Ұлттық Банкінің «Кітайскі каляндар» сериясынан «Год Пеўня» монетасына «Жылдың кәдесый монетасы» санатында 1-орын берілгенін атап өткен жөн, ол монета Қазақстан Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайында соғылған болатын.



Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz